



# Корпорацияның қаржылық жоспарлауы

# Жоспар:

1. Қаржылық жоспарлаудың мазмұны мен міндеттері
2. Қаржылық жоспарлаудың қағидалары
3. Қаржылық жоспарлаудың әдістері
4. Қаржылық жоспарлаудың мазмұны мен түрлері
5. Ақша қаражаттарының ағымын жоспарлау

- Қаржылық жоспарлаудың негізгі мақсаты – қаржыландырудың қор нарығы көздерінен меншікті, қарыз және тартылған қаражат есебінен ақша ағымының мөлшерін жоспарлау негізінде қаржылық ресурстар, капитал мен резервтің мүмкін болатын көлемін анықтау болып табылады.

## Бұл мақсат келесілермен түсіндіріледі:

- Корпорацияның өндірістік, ғылыми – техникалық және әлеуметтік дамуын ең алдымен меншікті қаражат есебінен қамтамасыз ету.
- Пайданы көбінесе сату көлемін өсіру мен өндірістік және айналыс шығындарын азайту арқылы арттыру.
- Әсіресе ірі масштабты инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде корпорацияның қаржылық тұрақтылығын, төлем қабілеттілігін және баланс өтімділігін қамтамасыз ету.

# Қаржылық жоспар

- Қаржылық жоспар – бұл ағымдағы (1 ж. дейінгі) және ұзақ мерзімді (1 ж. артық ) ақша қаражаттарының шығыны мен түсімін көрсететін жалпылама жоспарлық құжат.
- Бұл жоспар болашақтағы ақша ағымдарына сапалы болжам жасау үшін қажет.

# Қаржылық жоспарды белгілеу келесілерден тұрады:

- орта мерзімді қаржылық перспективаны болжауда орта мерзімді қаржылық жоспарды, әдетте тоқсан көрсеткіштерін бөлумен 1 жылға жасайды.
- ағымдағы табыс пен шығынды анықтағанда оперативті қаржылық жоспарды ай бойынша бөліп 1 тоқсанға немесе он күнге және бес күнге бөліп 1 айға жасайды.

# Қаржылық жоспарлаудың қағидалары:

Жоспарлаудың қағидалары корпорациядағы жоспарлы қызметтің мазмұны мен сипатын анықтайды:

1. Жүйелік жоспарлау қағидасы
2. Жеке бөлімшелердің жоспарын үйлестіру қағидасы
3. Қатысу қағидасы
4. Үздіксіздік қағидасы
5. Икемділік қағидасы
6. Дәлдік қағидасы

# Қаржылық жоспарлаудың әдістері

- Қаржылық көрсеткіштерді жоспарлау бірнеше әдістер арқылы жүзеге асырылады.
- Жоспарлау әдістері – бұл жоспарлық есептеудің нақты әдістері мен тәсілдері. Мұндай әдістерге келесілер жатады:
  - ❖ Есептік – аналитикалық
  - ❖ Нормативтік
  - ❖ Баланстық
  - ❖ Жоспарлық шешімдерді оңтайландыру
  - ❖ Экономикалық – математикалық модельдеу



# Қаржылық жоспарлардың мазмұны мен түрлері

- Ағымдағы және ұзақ мерзімді қаржылық потенциалды анықтау үшін кәсіпорын (корпорация) қаржылық жоспардың (бюджеттің) бірнеше түрін дамытуға құқылы.
- Кәсіпорындар (корпорациялар) дамыта алатын оперативті қаржылық жоспардың түрлері:

1. Табыстар мен шығындар жоспары (баланс) – тоқсан, жарты жылдық, жылдық
2. Инвестициялық жоспар (бюджет)- тоқсан, жарты жылдық, жылдық
3. Бухгалтерлік және таза пайданы бөлу жоспары – тоқсан, жарты жылдық, жылдық
4. төлем балансы (күнтізбе) – 1 айға 10 күндік көрсеткіштермен
5. Несиелік жоспар – тоқсан, жарты жылдық, жылдық
6. Валюталық жоспар – тоқсан, жарты жылдық, жылдық
7. Салықтық бюджет – тоқсан, жарты жылдық, жылдық
8. Ақша қаражатының қозғалысының бюджеті – ай, тоқсан, жарты жылдық, жылдық
9. Баланстық бет бойынша бюджет (келесі тоқсанның соңына активтер мен пассивтердің балансына болжам)
10. Айналым активтерін қаржыландыру және қалыптастыру бюджеті – тоқсан, жылдық
11. Залалсыздық графигі (бизнес-жоспардың құрамдас элементі)

## Қаржылық жоспарды дайындау этаптары:

- Алдыңғы жоспарланған ( тоқсан, жарты жылдық, жылдық), корпорацияның бухгалтерлік және статистикалық есептемелерінен алынған қаржылық көрсеткіштерге талдау жасау.
- Қаржылық жоспарға арнайы есептемелер мен кестелер құру ( жалпы және таза пайданы есептеу және оларды бағыттарға бөлу, амортизациялық аударымды, капитал салуды қаржыландыру көздері, айналым капиталының қажеттілігі т.б.)
- Қаржылық жоспарды орындау бойынша есептеу есептеу дайындау. Олар қаржылық талдау мен алдағы уақытқа жоспар дайындау үшін қолданылады.

## Ақша қаражаттарының ағымдарын жоспарлау

- Ақша қаражаттарын жоспарлау- бұл түсімдердің мүмкін көздері мен ақша қаражаттарының шығындалу бағыттарын анықтау.
- Болжам белгілі бір уақытқа жасалады: 1 жылға( тоқсанға бөлу арқылы), 1 тоқсанға ( айларға бөлу арқылы), 1 айға (он күндіктерге немесе бес күндіктерге бөлу арқылы).

- Ақша ағымдарын болжамдау келесі операцияларды қамтиды:
- Уақыт аралығындағы ақша түсімдерін болжау
- Ақша қаражаттарының қайтуын жоспарлау
- Таза ақша ағымын есептеу ( артылған немесе жетіспеген ақша қаражаттары)
- Қысқа мерзімді қаржыландырудың жалпы қажеттілігін есептеу